

"ҚазАлкоОрталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 сәуірдегі N 396

"Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "ҚазАлкоОрталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.30. N 1004 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті бір айлық мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғысын бекітсін, оны белгіленген тәртіппен тіркесін және осы қаулыға сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі